



## Тұлға

Бір кезде доктор, профессор, академик деген ғылыми лауазымдарға өте сирек тұлғалардың ғана қолы жететін. Ал қазір көптеген қоғамдық академиялар құрылды да, кейбіреулер оп-оңай академик атанып шыға беретін де болды. Тіпті экономиканың кез келген саласының қоғамдық негізде өз академиясы бар. Көз жұтындыратын куәлік, дипломдары жасалады. Қоғамның, ғылымның дамуында мүмкін мұндай жағдайдан да өту керек шығар. Белгісіз, әлжуаз университеттердің қаптап кеткені, кез келген ақшалы адамның ешкімді қызықтырмайтын, өзінің отбасынан басқа ешкімге қажеті де жоқ нөпір кітап жазғыштығы сияқты өлдеқалай түсініксіз құбылыстар да жүре-жүре сүлдесі құрыған селдей сиңи тыншыр.

Қазақ халқының санасында академик — аса ғұлама, билік, билімпіз, көреген, жанашыл, жасампаз, жол бастаушы, табиғат, қоғам, қоршаған орта құпияларының кілтін тауып, көрші, сезініп, солардың сырын ашушы ерекше жаралған тұлға. Тегінде, академик деген лауазым ерте заманнан бері, өсіресе Грекия, Италия өңіріндегі XIV-XV ғасырларда қайта өрлеу дәуірінде ғылым, өнер саласын дамытуға қосқан елеулі еңбегі үшін берілген ең жоғарғы халықаралық мәртебе. Қандай орысша кеудемсоқтық болса да халықтың танып, біліп, құрметтейтін — нағыз Ғалым.

Бір кезде қазақ жерінде де Қаныш Сәтбаев бастаған нағыз ғалымдар жиналып, Ұлттық ғылым академиясын құрған. Біздің өңіміміз де сол Ұлттық академияның көрнекті мүшесі — академик Кенжеғали Сағадиев жайлы болмақ. Өйткені, біздің кейінкеріміз жастайынан ғылым жолын құған, оның барлық “тар жол, тайғақ кешуінен” өте жүршіп, өз соқпағын тапқан, көп зерттеумен шұғылданған, қоғамға қажетті ғылыми еңбектер жазған, бүкіл өмірін ғылымға арнаған нағыз классикалық үлгідегі ғалым. Кенжекең қазақ ғылымының шаңырағын көтеріп, оның ішін жиһазға толтырып, жетістіктерін өлемге танытқан ғалым ағаларының табиғи жалғасы, ғылымның қоғам құбылыстарымен үйлесімділігінің табысты үлгісі, жаңа ізденістің бағдаршысы.

Кенжеғали Әбенұлының өмір жолы “ұлттық өркендеу”, “ұлттық бірлік”, “ұлттық намыс” ұрандарын өміріне мақсат тұтып, қазақты тәуелсіз ел, іргелі мемлекет дәрежесіне жеткізбек жолында құрбан болған қазақ зиялылары жаппай қырғын, сүргінге ұшырап, алды атылып, соңы Сталин лагерлерінде азап шегіп жүрген сұрапыл жылдардан бастау алады. Қиын, қилы заманда туғандықтан ба, сол жылдары дүниеге келген қазақ балалары бойларына ұлттық намыс толтырып, өмірге деген ерекше талпынысын, еңбекқорлығын көрсете алды. Әр жылы дүниеге келген адамдар өз қатарларымен тұтас бір ұрпақты құрайды. Әр ұрпақтың өз тағдыры, өмірдегі өз міндеті, өз үлесі бар. Бізден бұрын өткен қай ұрпаққа болса да құрметпен қарау алдымен біздің адамгершілік, адалдық, зерделілік қасиетімізді тәрбиелеп, рухани мәдениетімізді, таным санамызды тұрақтандырып, жалғастыру арқылы ұлт тұтастығына септігін тигізеді де анық. Біздің көпшілігімізге 30-шы жылдары туған азаматтардың дені сол жылдары жазықсыз құрбан болған алдыңғы толқын қазақ зиялыларының орнына келген төлеу ұрпақтай көрінуі тегіннен тегін емес шығар.

Кенжекең — сол ұрпақтың бел баласы. Сонғы жүз жылдың алдында дүниеге келіп, қазақ қоғамына араласқан қазақ зиялыларының алғашқы толқыны өз өмірлерінің де, іс-әрекеттерінің де қысқа мерзімділігіне, қоғам қайшылығының мол болғанына, империяның қатаң жойқындылығына қарамастан, болашақ ұрпақтың ұлттық сана-сезімінің өсуіне, рухы-

өнуіне, олардың дүниетанымына, мінез-құлқына, адамдар арасындағы қарым-қатынастың қалыптасуына, өмірге көзқарастарына зиянды ықпалын да типті. Тек қана мемлекеттік меншіктілік адамдардың жауапкершілігінің бопсалығын туындатты. Өздігінен тиістілік көре алмай “үкімет өлтірмес” деген енжарлық жайлады. Әсіресе “халық жауларын” өшкерелеу науқанының зардаптары ұзаққа созылды. Науқан тоқтатылғанымен, қоғамда күдікшілдік, сенімсіздік, бірін-бірі бақастықпен андушылық, аяқтан шалушылық, қоғам мүддесін қорғаған болып, бір-біріне қиянат жасаушылық, өкінішке орай, қаншама қырқылып, тамырымен жұлынып жатса да өле қоймайтын арам шөп төрізді. Көрінбей жайылып, бір кезде қаулап қотеріліп, шауып тастаған соң қайта басылып, бірақ түбегейлі жойылып кетпей жүргені.

Кенжекең жастайынан қоғамдағы осы дерттерге жаны қас тұлға болып қалыптасты. Ол өзінің



# АКАДЕМИК

Қуаныш СҰЛТАНОВ,  
сенатор.

ағартушылық, рухани-интеллектуалдық қызметінде қазақтың жана, жас ұрпағының ұлттық сапасына айрықша ден қойып келе жатқан ұлттық намысын сақтап, ұлттық бірлікке ұйтық бола алатын тұлға. Жоғарыда айтылған алдыңғы толқын ағалар — “Алыптар тобының” өмірін жалғастырып келген қазақ интеллигенциясының үшінші буыны негізінен дәл осы қым-қуыт, сұрапыл жылдары дүниеге келген балалардан құралды. Бұл кезеңге ша-

дері ғана аспирантураға немесе ұстаздыққа ассистент яғни көмекшілікке қалдырылатын. Осы жолды шашаусыз жүріп өткендер өрі ұстаздық, өрі ғылым жолына түсіп, оқу, оқыту, зерттеу, іздену жұмыстарымен шұғылдануға мүмкіндік алатын.

Біздің бүгінгі мерейтойіміз — Кенжеғали Әбенұлы — сол 1938 жылдың ақпанында Қостанай облысының Жангелдин ауданының № 1 ауылының қашырлы өрі беделді азаматы Сағадиев Тыныштықбаев пен Қаламқас Сардарбекқызының отбасында алты баланың бірі болып өмірге келді. “Шекесі торсықтай” жлпгі татыған бала болып туды. Құрдастарындай тез есейді. Жастайынан шымыр бала болып өсті. Мектепті үздік оқушы болып, күміс медальмен бітірді. Есеп-қисапқа бейім болды. Әуел бастан болашақ мамандық таңдауда көп құбылмады. Әртарапқа алаңдаған да жоқ. Мектеп бітіргенде мінезі де орныққан, салмақты жігіт еді. Бірден экономика саласын

таңдады. Соған дайындалды. Мақсат тұтты. Соның өсері болар — 1955 жылы сол кездегі жалғыз университет — бүгінгі Әл-Фараби атындағы жоғары оқу орнының экономика факультетіне оқуға түсіп, үздік дипломмен бітірді. Кенжекеңнің табиғи бойына бпкен ізденгіштігі — көп ұзамай оны Мәскеудегі Г.В.Плеханов атындағы халық шаруашылығы институтының аспирантурасына жетеледі. Ол оқуды да аспирант Сағадиев үздік төмамдап, “Одақтас республикалардағы күрделі құрылысты материалдық-техникалық жабдықтау мәселелері” деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғап, ғылыми атақ алып шықты.

Кенжеғали Әбенұлы бала кезінен қағылез, алғашқы еңбегінен, зеректігімен көзге түсетін. Оқушы, студент, аспирант кезіндегі білімге күштарлығын, жаңалыққа құмарлығын, оқығыштығын, ізденгіштігін, өмірде болып жатқан құбылыстарға сезімталдығын,

лығы білімділікпен жалғастыра алды.

Академик Сағадиев, өсіресе тәуелсіз мемлекетімізде жаңа экономикалық реформалардың ғылыми сарапталуына, жаңа стратегиялық экономикалық жобалар мен болжамдар жасауға, жаңа ғылымдық, ізденгіштік, шығармашылық шабытпен кіріскенін айрықша айтсақ әділдік болар. Ол жаңа экономикалық жүйе туралы өзінің ұсыныстары мен пікірлерін мерзімді баспасөзде жариялап, әртүрлі ғылыми конференцияларда, билік салаларының жиналыстарында сөз алып, қоғаммен белсенді түрде ой бөлісін келеді. Оз ұсыныстарын Президентке, Үкіметке де іркілмей айтып, жаңа құбылыстардың ғылыми-теориялық ерекшеліктеріне назар аударуды да өз парызы санайтын өрнекті ғалымның бірі — осы Кенжекең. Бұрынғы экономикалық жүйе құлап, еліміз жаңа рыноктық экономикалық қатынасқа көшп, еркін экономика туралы неше түрлі ұшқары пікірлер айтылып жатқанда академик Сағадиев еркін экономиканың мемлекеттік басқару қажеттігі туралы да табанды пікір айтты. Академиктің сөзін өмір өзі растады. Тек мемлекеттің қатысуы арқылы экономикалық жетістіктерге қол жеткізу мүмкіндігін бүгінгі үдерістер дәлелдеп отыр. Дүние жүзінің көптеген мемлекеттерінде өткізілген халықаралық конференциялар мен ғылыми форумдарда беделді баяндамалар жасап, Қазақстанның дүниежүзілік қоғамдастықта танылуына да тынымсыз еңбек етіп, атсалысумен келеді. Сондай-ақ ол тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Қазақстан Президентінің жанынан құрылған Консультативтік Кеңестің, Ұлттық Кеңестің белсенді мүшесі болып, мемлекеттік маңызы мол стратегиялық құжаттардың қабылдануына ықпал ете алды. Осындай зерделі ғылыми-зерттеулерге, қоғамдық-саяси өмірге білімділікпен, ақыл-парасаттылықпен араласуы оны жоғары қоғамдық, мемлекеттік дәрежеге де көтерді.

1994 жылдың ақпанында Кенжеғали Сағадиев Ұлттық академияның президенті болып сайланды. Бұл — жас мемлекетіміздің шаңырақ көтеруінің алғашқы ең ауыр жылдары еді. Әрине, бүкіл елде болып жатқан рухани саналық өзгерістерден Ғылым академиясы да шет қала алмайтындығы кімге болса да аян. Дүние өзгерді. Дүниетаным өзгерді. Құндылықтар өзгерді. Бұрынғы қоғамдық, мемлекеттік құрылымдар өзгеріске ұшырап жатты. Ғылыми құрылымдарды жаңа, еркін өсіресе іргелі, нақты ғылымдар саласын саясаттан таза, тәуелсіз жаңа мазмұн, жаңа мақсат бағытында құру міндеті күн тәртібінде тұрды. Бүкіл қоғамдағыдай Ғылым академиясының ғылыми институттары мен ғылымдар арасында Ғылым академиясының жаңа келбеті туралы кереғар пікірталастар өрістеп, әртүрлі жобалар ұсынылды. Ол кезең, сөз жоқ, Ғылым академиясының жаңа президентіне де айрықша сын болғаны белгілі. Бір жағынан, бүкіл

жерге, өңірге бөліп, бір-біріне қарсы қою өршелене өріс алды. “Мен” деп жүрген көп азаматтар сол шарпуға елендеп, “өсіп қалам ба” деп “ұлтшылдардың” үстінен “өшкерелеуші” арыздар тасқынын тоғытып, мансаптарға ие болып, мөз болысты. Кенжекең де Мәскеуге шақырылды. СОКП Орталық Комитетінің Қазақстан секторының меңгерушісі Н.Мищенко бұл кісімен үш сағатқа жуық “тәрбие” жұмысын жүргізді. Әуелде “Қазақстанда ұлтшылдық жайлап барады, басшылардың арасында қазақ көбейін кетті” деп жаз деді. Бұл — келіспеді. Ондай жымсысқа төсілден үзділді-кесілді бас тартты. Амалы таусылған “урядник” сосын “Сен басқаратын институтта қазақ балалары көбейін кетті”, — деп шүйліктеді. “Енді олар қайда оқуы керек?” деп тағы қарсыласты. Дәлелдеді. Анау тиісінше қара таппады. Ректорға ешкімді қаралаған хат, ешқандай қағаз жаздыра алмай мысы құрыды. Нәтижесінде Сағадиев өуелде ұсынылған лауазымды партия қызметтеріне жіберілмеді. Есесіне ел арасындағы абыройы өсті.

1986-1987 жылдары, кейбір мансапқорлар ешкім сұратпай-ақ өздері “қырағылық” көрсетіп, жазып жатқанда мұндай жоғары биліктің ыркына көнбеген лауазымды қызметкерлер сирек қана болған.

Қазіргі кездегі дүниежүзілік, ғаламдық үрдістерден сырт қалу — өсіресе ғылым үшін оның өнбек түгіл өшуімен тең болмақ. Біздің заманның ерекшелігі де сонда. Тәуелсіздігіміз бен мемлекеттігіміздің бастау алуы да ғаламдық ғылым мен жаңа технологияның ғаламат жайылуымен тұспа-тұс келді. Жаңа мемлекет құру міндетінің бірден бір маңызды тармағы, біріншіден, оның (мемлекеттің) құрылысының ғылыми негізде жүргізілуі болса, екіншіден, жас мемлекеттің сапалы білімсіз, тиянақты ғылымсыз өркендей де алмайтынын ескеру қажеттігі. Оркениет тарихынан қандай да мемлекеттердің егер олардың білімі, ғылымы дамыған жағдайда ғана көгеріп, көктей алғандығын білеміз.

Кенжеғали Әбенұлының ғылыми еңбектері республикада ғана емес, көптеген шет елдердің экономика саласының мамандарына танымал болды. Оның экономикалық проблемаларға арналған сөздері, қазақ, орыс тілдеріндегі еңбектері ағылшын, неміс, француз тілдеріне аударылып, халықаралық экономика ғалымдарының беделді пікіріне ие бола алды. Академик Сағадиев Пәкістан ұлттық академиясының, АҚШ-тың Нью-Йорк академиясының, Халықаралық жоғары мектеп академиясының мүшесі болып сайланғаны — сөз жоқ қазақтың, қазақ ғылымының мәртебесі.

Көзін біліммен ашып, бүкіл өмірін ұстаздыққа, ғылымның дамуына арнаған Кенжеғали Әбенұлы қай жерде, қандай қызметте жүрсе де мемлекетке ғылымның ауадай қажеттілігін айтып, дәлелдеуден жалыққан емес. Соның айғағындай мерзімді баспасөзде академик Сағадиевтің саликалы ой, салмақты ұсынысты арқау еткен ғылыми мақалаларының толассыз жарияланып, том-том шығармаларының жарық көріп жатқанын айтсақ та жеткілікті. Мемлекеттің экономикалық стратегиясынан бастап, ұлттық теңгенің енгізілуі, немесе әр кезеңдегі қаржылық жағдай, орта және шағын бизнес, салық, шикізаттар өндірудің жаңа технологиясы, жалпы ішкі өнімнің өсу көздері, өлеуметтік нысанға қол жеткізу, Қазақстанның ұлттық экономикалық дамуына қажеттіліктері, Қазақстанның бүкіләлемдік сауда ұйымына мүше болу ұмтылысына байланысты экономикалық сараптамалық мақалалар сериясын да жариялаған осы Кенжекең. Осы жазғандарына қарап-ақ академик ағамыздың өз уақытын соншама ұтымды өрі тиімді пайдалана алғанына

қоғамда сапырылысып жатқан өзгерістер, жаңа үрдістер, екінші жағынан, ғылыми күштерді жас мемлекеттің мүддесіне жұмылдыру, ғылымды дамыту, үшінші жағынан Ғылым академиясының орнын, беделін күшейту, оның фундаменталдық білімдік іргетасын сақтау, төртіншіден, ғылымның сан салалы мамандарын шашыратып алмай, оларды ғылымның өрістеуіне ұйымдастырып, бағыттау, бесіншіден, ғылымға ұзақ жылдардан қызмет етіп, енді қоғам сұранысынан шеттеп қала бастаған ғылым ардагерлеріне қамқорлық жасау, ғылымды



дені сол жылдары жазықсыз құрбан болған алдыңғы толқын қазақ зиялыларының орнына келген төлеу ұрпақтай көрнуі тегіннен тегін емес шығар.

Кенжекең — сол ұрпақтың бел баласы. Сонғы жүз жылдың алдында дүниеге келіп, қазақ қоғамына араласқан қазақ зиялыларының алғашқы толқыны өз өмірлерінің де, іс-өрекеттерінің де қысқа мерзімділігіне, қоғам қайшылығының мол болғанына, империяның қатаң жойқындылығына қарамастан, болашақ ұрпақтың ұлттық сана-сезімінің өсуіне, рухының күшеюіне орасан көп еңбек сипіріп кетті.

Ахмет Байтұрсынұв, Әлихан Бөкейханов, Тұрар Рысқұлов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Мұхамеджан Тынышбаев, Сәкен Сейфуллин, Лияс Жансүгіров, Бөимбет Майлин сынды ардақты жұлдыздар шоғыры бастаған алғашқы толқын рухани ағартушылық қызметті тек тілек дәрежесінде ғана емес, өздері ұйымдастырушы, атқарушы болып, мемлекеттік, қоғамдық саясат дәрежесіне дейін көтерді. Халықтың санасын оятты. Дүниетанымдық құбылысты білімдік санатқа қосты. Өркениет игіліктерін халық, ұлт мұқтажына пайдалануға жол тартты, тәуелсіздіктің ұжданын көтерді. Әкінішке орай, осындай озық ойлылығы, сана тегіні сезнулігі үшін өздері аяусыз қуғын-сүргінге ұшырады. Құрбан болды. Жойылды. Қырылды. Олардың еңбектері, рухани өркендеу, білім, сана, тағлым, мәдениет, ғылым жолында ірінектеп жинаған асыл мұралары төркіленіп, қоғамнан аласатылды. Көпшілігі із-түссіз жоғалтылды. Тек ұлттық, мемлекеттік тәуелсіздік дәуіріне жеткен тұста, яғни жаңа заманда ғана біз тарихтың солай болған шындығын айту мүмкіндігіне жетін отырмыз.

Одақтық биліктің күштеп жүргізген зұлмат саясатының салдарынан ұлтымыз қасіретке ұшыраған ауыр оқиғалар да біздің өсу тарихымыздың үлесіне тиді.

Сол оқиғалардың алапаттысының бірі — бұрынғы Кеңес Одағында 1928-1932 жылдары жүргізілген елді жаппай мөжбүрлеп ұжымдастыру жылдары аштықтан 1,5 миллион қазақтың қырылуы мен тоталитарлық биліктің қысымына шыдамай, туған жерлерін тастап, басқа елден пана іздеп, үдере көшкен 1,5 миллион қазақ ұлтының босқындыққа ұшырауы болды. Екіншісі — осы зобаланан кейін, 1937-1938 жылдары елдің есін жинауға мүмкіндік бермей, ел арасынан “халық жауларын” өшкереулеу лауқанының 120 мыңнан астам жазықсыз адамдарды құрбандыққа шалып, жапа шектіргені.

Кенжекең — қасаң заманда туып, жанкештілік арпалыста есейіп, қоғамға үлкен жауапкершілікпен араласқан сергек ұрпақтың көрнекті өкілі.

Тарих сахнасына алғашқы буыннан кейінгі көтерілген қазақ зиялыларының екінші буын өкілдері Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, Дінмұхамед Қонаев, Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов, Ахмет Жұбанов, Бауыржан Момышұлы және олардың замандастары ағаларынан дарыған енгенісін халқына мейлінше жеткізін, қазақ рухани мәдениетін жаңа айрықша сатыға көтеру бақытына ие болды. Қазақ халқының жаппай орта білім алуға қолжу, денсаулық сақтау жүйесінің құрылуы, қазақ баспалары, киностудия, университет, опера театры, симфониялық оркестрі, консерватория, Ғылым академиясының құрылуы қазақ интеллигенциясының осы екінші толқынының қайраткерлігі тұсында дүниеге келді. Өрне мұндай ренессанстық оқиғалар бүкіл қоғамның рухани мазмұнын, оның дүниетанымын өзгертуде теңдесі жоқ іс атқарды.

Кенжекең — сол асыл буын — Аға ұрпақтың габратты өкілдерінің аялы алақанынан қамқорлық көрген, олардан дәріс алып, тіпті кейбіреуімен дөмдес те болған ізбасары, екі дөуірдің ортасындағы алтын көпірдің бір асыл дүңгегі.

Кеңес заманындағы саяси науқандардың шарпуы миллиондаған адамдардың тұрмысына, өсіп-

## сенатор.

ағартушылық, рухани-интеллектуалдық қызметінде қазақтың жаңа, жас ұрпағының ұлттық сағасына айрықша ден қойып келе жатқан ұлттың намысын сақтап, ұлттық бірлікке үйтікі бола алатын тұлға.

Жоғарыда айтылған алдыңғы толқын ағалары — “Алыптар тобының” өмірін жалғастырып келген қазақ интеллигенциясының үшінші буыны негізінен дәл осы қым-қуыт, сұрапыл жылдары дүниеге келген балалардан құралды. Бұл кезеңге шамамен 20-шы жылдардың соңы мен 40-шы жылдардың басының арасын қамтуға болар еді. Олардың балалық шағы қатаң, қатал, суық қарым-қатынас ауасында, жоқшылық, жаппай кедейшілік уағыздалып, жетімшілік жайлап тұрған заманда өтті. Отызыншы жылдардың нәубеттерінен аман қалған талай азамат екінші дүниежүзлік соғыстың отына түсті. Осындай үрей үйірген саясаттың ауанында өмір сүру кімге болса да оңайға түспегей белгілі. Соның бәрін де қақтығысы мен қыспағынан аман өтін, тек өз өмірлерін ғана емес, қалайда ұрпақ өмірін сақтауға жан аямаған Аналар мен Әкелер рухына біздің бүгінгі күнімізге жеткен өрбір қазақ азаматы үшін ерекше тағзым ету де біздің абыройлы парызымыз дер едім. Ал сол жылдары туған балалардың шетінемі, аман қалып, қатарға қосылып кетуі — сөз жоқ қазақтың этно-ұлттық қорын көбейтті, кемісін толықтырды, қуаттандырды. Шын мәнінде статистика жылнамасы бойынша ұлтымыздың табиғи өсіміне ықпал ете алған демографиялық дүмпу болды.

Осы ұрпақ өздері зобалаң, топалаң заманында туып, жаппай саяси науқандардың шарпуы ата-аналарын шайқалтқанымен өмірге қайсарлықпен, жинақы, жедел араласып, ерте есейді. Ұлы Отан соғысы жылдарында, соғыстан кейінгі “жарадан айығу” жылдары да елдегі негізгі жұмысшы күші болғандар да осы отызыншы жылдардың түлектері. Елуінші жылдарда қазақтың түкпір-түкпіріндегі үлкенді-кішілі ауылдардан сол кездегі астаналар Алматы, Мәскеу қалаларына оқу, білім іздеп келіп, өз болашақтарын айқындай алған да дәл осы отызыншы жылдардың ұрпағы. Олар білімге, мәдениетке құштарлық дәстүрін қалыптастырып, өзінен кейінгі ұрпаққа да үлгі, өнеге болды. Олар республикамыздың сан-салалы экономикасын, білімін, ғылымын, мәдениетін арттыруға мейлінше белсенділікпен өрі блыптікпен араласып, еліміздің өркендеуіне өздерінің көрнекті үлестерін де қосты, қайраткерлігін де көрсетті.

Республикаға еңбек сіңген жүздеген көрнекті қайраткерлердің есімдерін біздің бүгінгі қоғамда да ерекше ілтипатпен, алғысты ыждаһаттылықпен айтып жататынымыз да сондықтан. Осының өзі біздің қазақ қоғамының, бір жағынан, дәстүрлі өнегелілігін, екінші жағынан, өскелең мәдениеттілігін көрсетсе керек. Сол ұрпақтың тағы бір ерекшелігін айта кету қажет. Заманның талабы солай болды ма, жоқ әлде алғашқы толқын ағартушы ағалардың ықпалы болды ма, өйтеуір — олардың басым көпшілігі ұстаздар, мұғалімдер болды. Баса айттуға тұратыны, олар жоғары оқу орындарын бітіргеннен кейін ең алыс-алыс ауылдарға барып, бала оқытуды өздеріне өрі міндет, өрі мәртебе санады. Қалың ел ішінде білімнің беделін көтерді. Елдің қоғамдық рухани дәрежесін көтерді, өздері де сол үшін абырой мен құрметке ие болды. Бұқара халық қазақ жастарының бойында жігер ұялатып, оларды еңарлықтан құтылып, өз қабілеттерін сынай алатын жол іздеуге бейімдеді. Жастардың санасына отансүйгіштік, адалдық, еңбекке ынталылық қасиеттерін енгізуге талпынудан жалықпады. Дәл осы құндылықтардың ешқашан маңызын жоймайтынына бүгінгі дәуірде де көзіміз жетіп отыр. Олар өз кезегінде қоғамның рухани сапасының өсуіне мейлінше ықпал ету арқылы ағартушылық та, мәдениеттендірушілік те миссиясын толық орындай алған бірден бір табысты ұрпақ екендігін де айту орынды. Ол кезде ұстаздық кәсіпке қоғам да, мемлекет те ерекше кірпіз талапкершілікпен, талғампаздықпен қарайтын. Университет, институт бітіргендердің ішінде ілуде біреуі, бес жыл бойына күмәнсіз тек өте жақсы білімін дәлелдеп жүрген-

қызығушылық қасиеттерін өмірлік ұстаным етті. Жылдар өткен сайын, Кенжекеңнің беделі, мәртебесі, лауазымы өскен сайын өлгі қасиеттері күшеймесе, кемескіленбеді, өсірілген, селдірілген жоқ. Өрши түсті. Жекеңіне мастанбады. Керден басып, шаттанбады. Керуенде жол бастады. Топ шінде сөз бастады. Бойына білім жинақтап, ішкі мәдениетін дамытты. Осылайша нағыз интеллект иесіне тән мінез қалыптастырды. Басқаша болса — бүгінгідей еділ де шынайы құрмет те бола қоймасы белгілі. Бұлай болуына негізгі себеп — Кенжекең табиғатының терең тамырлық сапасында болар. Әуел бастан намысын қайрап өскен жігіт, қай жерде жүрсе де қазақ азаматының жоғары қабілеттілігі мен адалдығын, тазалығын өз болмысымен дәлелдеп жүріп, ортасына үлгі бола білді. Солай болуына жастайынан араласқан ұстаздық қызметі де мейлінше ықпал еткеніне күмән болмас.

Біздің Кенжекең университетін үздік бітірген жылы кафедраға ассистент болып қалуға ұсыныс алған сол жолғы жалғыз бітіруші болды. Қысқа мерзімде ұстаздарының сенімін ақтап, Мәскеу институтының аспирантурасын үздік өрі мерзімінен бұрын бітірісімен үлкен ұстаздық еңбек жолын кемелімен жалғастырған, әлі сол жолдан талмай келеді. Өйткені ол кісі табиғатынан ұстаздыққа, бастамашылыққа, өзінен ізденіп жол тапқышытққа бейім болып жаралған. Өзіне кез келген адамның еріксіз назарын аударатын, адамға шіндегісін түсінгендей сезімтал жақын тұратын, төңірегін жақсы адамдар жинап жүретін адами қасиетін — Кенжекеңді еліміздің қай өңіріне, қай шалғай ауылына барса да алдынан шығып сөлем беріп, құрметке бөлететін, “Сіздің шәкіртіңіз едім”, “Сіздің шарапатыңызды көрші едім” деп құрақ ұшар орта табылатынын айтсақ та жеткілікті.

Кезінде Кенжеғали Сағадиевтің ғылыми бастамашылығымен сол кездегі Кеңес Одағында құрылған алты биотехнологиялық орталықтың біреуі тікелей Целиноград ауыл шаруашылығы институтында жұмыс істей бастады. Бұл сол кезде де, қазір де ғылымның үлкен жаңалығы болғандығын өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Сол жылдары Целиноград деп аталған қаладағы ауыл шаруашылығы жоғары оқу орнының тұрмыстық, оқу-зерттеушілік мұқажы мен мүмкіндіктерін мейлінше кеңейтіп, онда білім алған мамандардың сапасын жоғарылатып, сұранысқа сай етіп, ғылыми жетістіктерін жүзделі етіп, беделін көтерін, атын тек Қазақстан көлемінде ғана емес, Одақ кеңістігінде өйгілі, беделді дәрежеге жеткізе алған да осы біздің ректор Кенжеғали Сағадиев. Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде өсіресе ауыл шаруашылығы орасан дағдарысқа ұшыраған сәтте де осы оқу орнының түлектері елдің өр аймағында жүріп, күйзеліске төзімділік көрсете алды. Тек төзімділіктің көнтерлігін көрсетумен шектелген жоқ, сол күйзелістен алып шығатын жолдарды да биіктілікпен, білгірлікпен іздестіріп, жаңа реформаларға өз ұйымдастырғыш күштерін де қоса алды.

Ол Алматы халық шаруашылығы институтын (қазір Т.Рысқұлов атындағы басқару академиясы) ұйымдастырушылардың бірі болып, тек осы бір білім ордасында 20 жылдан астам ұстаздық қызмет етті. Ұстаз бола жүріп, экономикалық ғылымға терең бойлап, танымал ғалым дәрежесіне де тер төккен еңбекпен жете алды. Ұстаздық, ғалымдық тәжірибесі әкімшілік ұйымдастырушылық қызметтермен тығыз астысып, осыдан кейін бүгінгі Астана, кешегі Целиноград ауыл шаруашылығы, Алматы экономикалық, аграрлық университеттерінің ректоры болды, докторлық диссертациясын қорғады. Профессор, Ұлттық ғылым академиясының академигі.

Кенжекеңнің ғалым ретінде ұзақ жылдар бойы зерттеп келе жатқан саласы — материалдық-техникалық жадықтаудың экономикалық тиімділігіне арналған ғылыми ұсыныстары, теориялық тұжырымдамасы кезінде Одақ үкіметінің толық қолдауына ие болып, экономикалық құбылыстардың қарым-қатынасына, өндіріс үдерісіне енгізілген.

Кенжекең осы дәстүрін жаңа заманның жаңа экономикалық қарым-қатынас дәуірінде де ғы-

қоғамда сапырылысып жатқан өзгерістер, жаңа үрдістер, екінші жағынан, ғылыми күйтерілді жас мемлекеттің мүддесіне жұмылдыру, ғылымды дамыту, үшінші жағынан ғылым академиясының өр беделін күшейту, оның фундаменталдық білімдік іргетасын сақтау, төртіңшең, ғылымның сай салалы мамандарын шақыратып алмай, оларды ғылымның өрістеуіне ұйымдастырып, бағыттау, бекітіп, ғылымға ұзақ жылдардан қызмет етіп, енді қоғам сұранысынан шеттеп қала бастаған ғылым ардагерлеріне қамқорлық жасау, ғылымды қаржыландырудың жаңа жолдарын іздестіру сияқты толып жатқан проблемалар бір мезгілде академия президентінің алдында тұрды.

Осы орайда айта кету қажет, республика Президенті Нұрсұлтан Назарбаев кезінде өзі басқарған өнеркәсіп саласымен ғана шұғылданып қоймайтын. Үнемі, үзбей білім, ғылым, мәдениет, өнер, басқа да әлеуметтік мәселелердің хал-ахуалына шүқшия мән беріп, танысып, сараптап, мамандарды, сол саланың көрнекті тұлғаларын сыртынан блып, бақылап, кейде танысып, ой бөлісін жүретін. Озық ойлы, жанашыл адамдарды алыстан танып, реті келгенде олардың өсін-өнуіне, жұмыстарының табысты болуына қолғабыс тигізін жіберуден тартынбайтын. Әсіресе, өзі республикада бірінші басшы болғаннан кейін өзінің төңірегіне, жалпы жас мемлекетіміздің жауапты құрылымдарының басшылығына қаншама білікті мамандарды, тәжірибелі басшылармен қатар болашақта талантты ашылатын жастарды жинағаны бөрімізге мөлім. Кезінде менен “Целиноградта Сағадиев деген мықты ректор бар” деп көп адам айтады, танысың ба?” — деп сұрағаны есімде. Атын естіп, сыртың, елдің жақсы сөзінен білгенім болмаса, ол кезде көзбе-көз танымайтынмыз деп айтқан. Кейін екеуінің өте жақсы таныс, иікрлес, әріптес, замандас болғандарының күөсі болдық.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев мемлекеттің экономикалық стратегиялық даму жоспарларын жасағанда академик Сағадиевтің ұсыныс-пікірлеріне де айрықша маңыз берген. Оның жазған ақпараттарын, сараптамаларын, ұсыныс-пікірлерін зер салып, мұқият оқиды. Әсіресе Ғылым академиясының жаңа міндеттері жайлы толғауыстары мен өңгімелері көптің көкейінен шығатын. Сағадиев академияға президент болған жылдары үнемі Елбасының қолдауын сезініп, қызмет жасады. Қысқа мерзімде академик Сағадиевтің ұсынысымен “Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының мәртебесі және ғалымдарды мемлекеттік қолдау туралы” республика Президентінің Жарлығы жарияланды. Бұл құжат сол кезде академия өмірінде маңызды қызмет атқарды. Кенжеғали Әбенұлы өз қызметінде ғылымның еліміздің экономикалық қуатын дамытуға, материалдық-техникалық базасын абаттандыруға, мәдениеттің өркендеуіне ықпалын күшейтуге мейлінше көңіл бөлді. Жас ғалымдарды қолдады. Оларға әлеуметтік жағдай туғызды. Сол жылдары экономикалық қиындықтарға қарамастан, маңызды деген салаларда төрт жаңа ғылым-зерттеу институттары ашылды. Солардың бірі — Қарағанды қаласында жұмысын бастаған фитохимия институты бүгін мемлекетіміздің ғана емес, ТМД елдерінің кеңістігіндегі іргелі ғылым ордасы болып, ел игілігіне татымды қызмет етуде. Химия ғылымының докторы, профессор Серғазы Әдекенов бастаған ғалымдар тобы өздерінің ғылымда ашқан жаңалықтары үшін өткен жылы Мемлекеттік сыйлықпен марапатталды.

Кенжеғали Әбенұлы мінезінің байлығымен киммен болса да, қандай шымырқанған билік болса да тил табысуға, сол арқылы қоғамдық, қоғамға пайдасын тигізерлік шешімдермен келісуге жол таба алатын басшы. Бірақ, ғылымның, өсіресе фундаменталдық ғылымның ешқандай саясатқа, ешқандай қоғамдық құбылысқа байланысты болмауын дәлелдеуде, шындықты, өділдікті айтуда өзінің ұтылар жерінде де пікірін өзгерткен емес.

Сексенінші жылдардың екінші жартысында республика басшылығына Г.Колбин келгеннен кейін, қазақ “ұлтшылдарымен” күрес қайта басталып, жаңа екпін алған. Қазақ интеллигенциясын жікке,

теңгенің енгізілуі, немесе ерген кезеңдегі қаржылық жағдай, орта және шағын бизнес, салық, шикізаттар өндірудің жаңа технологиясы, жалпы ішкі өнімнің өсу кездегі, әлеуметтік ны-

номикалық проблема жоқ десе де болады. Қазақстанның Бүкіләлемдік сауда ұйымына мүше болу ұмтылысына байланысты экономикалық сараптамалық мақалалар сериясын да жариялаған осы Кенжекең. Осы жазғандарына қарап-ақ академик ағамыздың өз уақытын соншама ұтымды өрі тиімді пайдалана алғанына таңғаласыз. Одан тыс 14 докторлық, 38 кандидаттық диссертацияға ғылыми жетекшілігі тағы бар. “Бұл кісі — қай уақытта дем алып, қай уақытта қонақ күтін, қонаққа барып, қай уақытта қасқыр атып үлгереді”, — дерсін. Тіпті аю алған сирек мергеншіз де осы біздің Кенжекең. Әдетте кітап жазатын адамдардың елмен көп араласуға қолы да тие бермейді, тіпті аңға да шығуға мұршасы болмайды. Осындай белсенділігі, қоғам шақыруларымен үндестігі, өрине, ғалымды қоғам құрылысынан сырт қалдыра алмайды. Мұндай білімді, білікті сөзін ел тыңдайтын адамдар саяси партия, парламент, үкімет болсын, кез келген қоғамдық, мемлекеттік институттардың беделін де көтерері анық. Сондықтан да болар 2004 және 2007 жылғы Мәжіліс депутаттарының сайлауларында Кенжекең “Нұр Отан” партиясынан депутат болып сайланды. Қаржы комитетін басқарды. Талай-талай қажетті шешімдерге бастамашы болып келеді. Парламент мүшелері Кенжекеңнің сөздерін ерекше ілтипатпен тыңдайды. Әсіресе, кезекті жылдың бюджеті туралы заң жобасы талқыланғанда депутат Сағадиевтің сараптамалары әріптестерінің де, қоғамның да көңілінен шығып жатады. Сын-ескертпелердің дұрыс айтылғандығын Үкімет те мойындайды. Жақында ғана ел газеті — “Егемен Қазақстанның” баға қымбаттауына байланысты құрылысы тоқтаңқырап қалған жаңа гитаратына қосымша қаржы бөлу мүмкіндігін қарастыру қажеттігін жөнінде депутаттық сауалға бастамашылық жасағанын естіп, азамат ағамызға тағы сүйсіне түстік. Енді мәселенің түйіні табыларына сендік.

Кенжекеңнің бауыры жылы, күшағы кең — Бөйкен Әшімов, Салық Зиманов, Сағадат Нұрмағамбетов, Жабайхан Әбділдин, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Көкімбек Салықов, Төрегелді Шарманов сияқты ақылгөй ел ағаларына мезгілде сәлем беріп, көңілін аулаудан жазған емес. Мырзатай Жолдасбеков, Камал Ормантаев, Әбіш Кекілбаев, Асанәлі Әшімов, Кеңес Аухадиевтей құрдас замандастарының өманда ортасында. Елу мен алпысты жағалаған інілері, қарындастары жүреді жанында топ-топ болып. Ғұлама ғалымдар — Зейнолла Қабдолов, Манаш Қозыбаев, Әмірзақ Сұлтанғазин — сырлас, қимас достары еді. Олардың отбасының хал-ахуалын сұрап тұруға көңіл де, уақытын да жеткізін жүреді. Ғалым ағаның бауырмалдығы мен жылылығынан кім болса да “Осы Кенжекеңнің менен жақын адамы жоқ шығар” деп ойлап қалуы таң емес. Бұл да Кенжекеңе анасы Қаламқас Сардарбекқызының ақ сүтмен берілген асыл қасиеттерінің бірі демекше пара жоқ. Сол адамгершілік қасиеттерін сақтап қана қоймай, ұстаздығында да, ғалымдығында да, қоғам сахнасында да Кенжекеңнің келісті тұлға болып, өрлеп жүруіне жанын салып, рухани қорын байытып, жігері мен қуатын дамытып, құт берекесін шалқытып отырған жары — парасатты өрі мейірімді Ана, әпкеміз Нағытай Әбітайқызының еңбегі деуіміз де дұрыс болар.

Академик Кенжеғали Сағадиевтің өмір жолы мен мемлекетке еңбегі кімге, қай ұрпаққа болса да үлгі боларлық өнеге.

Елдің өркендеуіне қызмет етуден қажымай келе жатқан замандас ағамыз Кенжеғали Әбенұлы ары таза, қоғам алдында парызын өтей алған азаматтығы мен парасаттығы биік, кемел ғалым — Академик деуге толық мүмкіндігіміз бар.